

"Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты баланың құқықтары туралы конвенцияның факультативтік хаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 9 сәуір N 473

1. "Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты баланың құқықтары туралы конвенцияның факультативтік хаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты баланың құқықтары туралы конвенцияның факультативтік хаттамасын бекіту туралы

2000 жылғы 6 қыркүйекте Нью-Йорк қаласында қол қойылған Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты баланың құқықтары туралы конвенцияның факультативтік хаттамасы бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына қатысты баланың құқықтары туралы конвенцияның факультативтік хаттамасы

Осы Хаттаманың қатысушы мемлекеттері,

Баланың құқықтары туралы конвенцияның мақсаттарына қол жеткізуге және оның ережелерінің, әсіресе 1, 11, 21, 32, 33, 34, 35 және 36-баптарының жүзеге асырылуына жәрдемдесу үшін қатысушы мемлекеттер балаларды саудалау іс-әрекетінен, балалар зинақорлығынан және балалар порнографиясынан баланы қорғаудың кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатында қабылдауға тиісті шараларға неғұрлым кең сипат берудің ұтымды болатындығын есептей отырып,

сондай-ақ, баланы экономикалық эксплуатациядан және оның денсаулығына қауіп төндіруі немесе білім алуына кедергі келтіруі немесе оның денсаулығына, денесі мен ақыл-ойы, рухани, моральдік және әлеуметтік дамуына нұқсан келтіруі мүмкін кез келген жұмыс атқарудан қорғау құқығы Баланың құқықтары туралы конвенцияда

т а н ы л ғ а н д ы ғ ы н е с е п т е й о т ы р ы п ,

балаларды саудалау, балалар зинақорлығы және балалар порнографиясы мақсатындағы балаларды халықаралық контрабандалық тасымалдаудың зор деңгейдегі және өсе түсіп отырған көлеміне айрықша алаңдаушылық білдіре отырып,

балаларды саудалауды, балалар зинақорлығын және балалар порнографиясын тікелей ынталандыратындықтан балалар үшін ерекше қауіпті болып саналатын, кең таралған және қолданылуының жалғасы бар секс-туризмнің практикасына терең алаңдаушылық б і л д і р е о т ы р ы п ,

қыз балаларды қосқанда, балалар топтары бірқатарының сексуалдық пайдаланудың тәуекелдігіне неғұрлым зор деңгейде душар етілетіндігін және сексуалдық мақсатта пайдаланудағы балалардың арасында қыз балалардың үлесі мөлшерден тыс зор б о л ғ а н д ы ғ ы н т а н и о т ы р ы п ,

Интернеттегі және дами түсіп отырған басқа технологиялардың шеңберіндегі балалар порнографиясының өсе түсіп отырған қол жеткізілімдігіне алаңдаушылық білдіре отырып және Интернеттегі балалар порнографиясына қарсы күрес жөніндегі Халықаралық конференцияға (Вена, 1999 жыл), және, атап айтқанда, оның балалар порнографиясы мен оны жарнамалаудың өндірісін, таратылуын, экспортын, берілуін, импортын, қасақана сақталуын криминализациялауға бүкіл әлемді шақыратын және үкіметтер мен Интернет индустриясының арасындағы ынтымақтастық пен әріптестікті анағұрлым тығыз етудің зор маңыздылығын атап көрсететін оның шешіміне сілтеме ж а с а й о т ы р ы п ,

жеткіліксіз даму деңгейін, экономикалық диспропорцияларды, теңсіздік сипатындағы әлеуметтік-экономикалық құрылымды, ыңғайсыз отбасыларының болуын , төменгі білім деңгейін, қалалар мен ауылдық аймақтардың арасындағы көші-қонды, жыныстық сипатқа қатысты кемсітуді, жасы үлкендердің жауапсыз сексуалдық мінез-құлқын, нұқсан келтіретін дәстүрлерді, қарулы жанжалдарды және балаларды контрабандалық тасымалдауды қосқанда, балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына жол беретін барлық факторларды ескеретін әмбебапты көзқарасты қабылдаудың оларды жоюға жәрдемдесетінін есептей о т ы р ы п ,

тұтынушылардың балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына арналған сұранысын азайту үшін, қоғамды хабардар ету деңгейін арттыруға бағытталған күш-жігер жұмсаудың қажет екендігін есептей отырып, сондай-ақ барлық қатысушылардың арасындағы кең ауқымды әріптестік қатынастарды нығайтудың және құқық қолдану шараларын ұлттық деңгейде күшейтудің зор ма ң ы з д ы л ы ғ ы н а с е н е о т ы р ы п ,

Балаларды қорғау және мемлекетаралық сипаттағы асырап алу саласындағы ынтымақтастық туралы Гаага конвенциясын, Балаларды халықаралық ұрлаудың азаматтық-құқықтық аспектілері туралы Гаага конвенциясын, Ата-аналардың

жауапкершілігі мәселелеріндегі юрисдикция, қолданылатын құқық, тану, құқық қолдану мен ынтымақтастық және балаларды қорғау шаралары туралы Гаага конвенциясын, сондай-ақ Бала еңбегіне тыйым салу және оның ең ауыр нысандарын жоюға арналған дереу шаралары туралы Халықаралық еңбек ұйымының N 182 конвенциясын қоса алғанда, балаларды қорғау саласындағы халықаралық-құқықтық құжаттардың ережелерін назарға ала отырып,

Баланың құқықтарын ынталандыру және қорғау ісінің кеңінен қуатталуын көрсететін Баланың құқықтары туралы конвенцияға барлық жерлерде қолдау көрсетілуін жігерге ала отырып,

Балаларды саудалауды, балалар зинақорлығын және балалар порнографиясын ескерту жөніндегі іс-қимылдар бағдарламасының және 1996 жылғы 27-31 тамызда өткен Балаларды коммерциялық мақсаттарда сексуалдық пайдалануға қарсы дүниежүзілік конгресінде қабылданған Декларацияның және Іс-қимылдар жоспарының , сондай-ақ тиісті халықаралық органдардың осы мәселе төңірегіндегі басқа да шешімдері мен ұсыныстарының ережелерін жүзеге асырудың зор маңыздылығын тани
о т ы р ы п ,

Баланы қорғау және оның үйлесімді дамуы үшін әр халықтың дәстүрі мен мәдени құндылықтарының зор маңыздылығын тиісті түрде ескере отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Қатысушы мемлекеттер осы Хаттамада көзделгеніндей, Балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына және балалар порнографиясына тыйым салады.

2-бап

Осы Хаттаманың мақсаттары үшін:

- а) балаларды саудалау баланың сыйақы үшін немесе кез келген басқаша өтем жасаған үшін кез келген тұлғамен немесе тұлғалар тобымен басқа тұлғаға немесе тұлғалардың тобына берілуін көздейтін кез келген келісімді немесе мәмілені білдіреді;
- б) балалар зинақорлығы сыйақы үшін немесе кез келген басқаша өтем жасаған үшін баланы сексуалдық сипаттағы іс-әрекетте пайдалануды білдіреді;
- с) балалар порнографиясы іс жүзінде немесе жасанды жасалғанына қарамастан айқын көрінетін сексуалдық іс-қимылдар жасап жатқан баланың қайсыбір әдіспен жасалған кез келген көрінісін немесе баланың жыныстық дене мүшелерінің, негізінен сексуалдық мақсаттағы кез келген көрінісін білдіреді.

3-бап

1. Әрбір қатысушы мемлекет кемінде мынадай әрекеттер мен іс-әрекеттердің түрлерін неғұрлым толық мөлшерде, осы қылмыстардың ұлттық немесе трансұлттық деңгейде не жеке немесе ұйымдасқан тәртіпте жасалғандығына қарамастан, өзінің криминалдық немесе қылмысты құқығына жатқызуды қамтамасыз етеді:

- а) 2-бапта анықталатын, балаларды саудалау мағынасында:

і) төмендегі мақсаттарда баланы қайсыбір әдісті қолдану арқылы ұсыну, беру
н е м е с е а л у :

- а. баланы сексуалдық пайдалану;
- Б. баланың дене мүшелерін сыйақы үшін беру;
- с. баланы еріксіз жұмыстарда пайдалану.

ii) асырап алуға қатысты қолданылатын халықаралық құқық актілеріне қайшылық келтіре отырып, делдалдық негізде баланы асырап алуға негіздемесіз тарту;

Б) 2-бапта анықталатын, балалар зинақорлығы мақсатында баланы ұсыну, беру
н е м е с е а л у ;

с) 2-бапта анықталатын, жоғарыда аталған мақсаттарда балалар порнографиясының өндірісі, таратылуы, импорты, экспорты, ұсынылуы, сатылуы немесе сақталуы.

2. Қатысушы мемлекеттің ұлттық заңнамасының ережелері ескеріле отырып, осы тақылеттес ережелер осындай әрекеттердің кез келгенімен қастандық жасауға қ о л д а н ы л а д ы .

3. Қатысушы мемлекеттің әрқайсысы осы қылмыстар үшін, олардың ауырлық деңгейі ескеріле отырып, тиісті жазалау шараларын көздейді.

4. Қатысушы мемлекеттің әрқайсысы, өзінің ұлттық заңдарының ережелерін ескере отырып, тиісті жағдайларда, осы баптың 1-тармағында көзделген қылмыстарға қатысты заңды тұлғалардың жауапкершілігін белгілеу үшін шаралар қабылдайды. Қатысушы мемлекеттің құқықтық принциптері ескеріле отырып, заңды тұлғалардың осындай жауапкершілігі қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік сипатта болуы мүмкін.

5. Қатысушы мемлекеттер, баланы асырап алуға қатысты барлық тұлғалар қолданылымды халықаралық құқықтық актілердің ережелеріне сәйкес іс-қимыл жасауы үшін барлық тиісті құқықтық және әкімшілік шараларды қолданады.

4-бап

1. Әрбір қатысушы мемлекет 3-баптың 1-тармағында көрсетілген қылмыстарға қатысты өзінің юрисдикциясын белгілеу үшін, ондай қылмыстар оның аумағында немесе осы мемлекетте тіркелген теңіз немесе әуе кемесінің бортында жасалған кезде, қажетті болып табылуы мүмкін шаралар қабылдайды.

2. Әрбір қатысушы мемлекет 3-баптың 1-тармағында көрсетілген қылмыстарға қатысты өзінің юрисдикциясын белгілеу үшін қажетті болып табылуы мүмкін осындай шараларды мынадай жағдайларда қабылдай алады.

а) болжамдалған қылмыскер осы мемлекеттің азаматы болып табылса немесе кәдімгі тұрғылықты жері осы мемлекеттің аумағында болса;

Б) зардап шеккен адам осы мемлекеттің азаматы болып табылса.

3. Әрбір қатысушы мемлекет жоғарыда аталған қылмыстарға қатысты өзінің юрисдикциясын орнату үшін қажетті болып табылуы мүмкін шараларды келесі жағдайларда да қабылдай алады: болжамды қылмыскер оның аумағында болған кезде және өз азаматының қылмысқа қатысы бар деген себеппен, оны басқа қатысушы

мемлекетке бермеген жағдайда.

4. Осы Хаттама бойынша мемлекетішілік құқыққа сәйкес жүзеге асатын кез келген қылмыстық юрисдикцияға жол берілуі мүмкін.

5-бап

1. 3-баптың 1-тармағында көрсетілген қылмыстар, тапсыруды қажет ететін қылмыстар ретінде қатысушы мемлекеттердің арасындағы тапсыру туралы кез келген шартқа енгізуге жатады деп саналады, сондай-ақ кейінгі уақыттағы олардың арасында қол қойылған тапсыру туралы кез келген шартқа, сондай шарттарда белгіленген ережелерге сәйкес, тапсыруды қажет ететін қылмыстар ретінде енгізіледі.

2. Тапсыру үшін шарттың болуын талап ететін қатысушы мемлекетке тапсыру туралы шарттас басқа қатысушы мемлекеттің тапсыру туралы өтініш түскен жағдайда, ол осы Хаттаманы осындай қылмыстарға қатысты тапсыру үшін құқықтық негізгі ретінде қолданылуы мүмкін. Тапсыру ол туралы өтінішті алған мемлекеттің заңдарында көзделген шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Өздерінің арасындағы қатынастарда, тапсыру үшін шарттың болуын талап етпейтін қатысушы мемлекеттер осындай қылмыстарды, тапсыру туралы өтінішті алған мемлекеттің заңдарында көзделген шарттарға сәйкес, тапсыруды қажет ететін қылмыстар ретінде қарастырады.

4. Осындай қылмыстар, қатысушы мемлекеттердің арасындағы тапсырудың мақсаттары үшін, жасалған жерде жасалды деп қарастырумен қана шектелмей, 4-бапқа сәйкес өзінің юрисдикциясын орнатуға міндетті мемлекеттің аумағында да жасалды деп саналады.

5. Тапсыру туралы өтініш 3-баптың 1-тармағында көрсетілген қылмыстардың біріне қатысты түскен жағдайда, және егер, ондай өтінішті алған қатысушы мемлекет қылмыскердің азаматтығына сілтеме жасай отырып қылмыскерді тапсырмаса немесе тапсыратын болмаса, осы мемлекет қылмыстық істі қозғау мақсатында өзінің құзыретті органдарына істі беру үшін тиісті шаралар қабылдайды.

6-бап

1. Қатысушы мемлекеттер, төмендегі процессуалдық іс-қимылдарды жүргізуге қажетті, қол жеткізген дәлелдемелерді алуда жәрдем көрсетуді қоса алғанда, 3-баптың 1-тармағында көрсетілген қылмыстарға қатысты басталған тергеулерге, қылмыстық қудалауға немесе тапсырудың рәсімдеріне байланысты бір-біріне мейлінше көмек көрсетеді.

2. Қатысушы мемлекеттер, өздерінің арасында болуы мүмкін кез келген шарттарды немесе басқа да уағдаластықтарды басшылыққа ала отырып, осы баптың 1-тармағындағы өздерінің міндеттемелерін орындайды. Ондай шарттар немесе уағдаластықтар болмаған жағдайда, қатысушы мемлекеттер бір-біріне өздерінің мемлекетішілік құқығына сәйкес көмек көрсетеді.

7-бап

Қатысушы мемлекеттер, өздерінің ұлттық заңдарының ережелеріне сәйкес:

а) төмендегілерді өндіріп алуды және тәркілеуді қамтамасыз ететін шараларды тиесілі жағдайларда қабылдайды:

i) материалдар, құралдар және басқа да жабдықтар сияқты, осы Хаттамада көзделген қылмыстардың жасалуына немесе жасауға жәрдемдесу үшін қолданылатын мүлік;

ii) осындай қылмыстарды жасау арқылы қол жеткізген табыстар.

Б) басқа қатысушы мемлекеттің (а) (i) тармақшасында көрсетілген мүлігін немесе кірістерін өндіріп алуды немесе тәркілеу туралы өтінішін орындайды;

с) осындай қылмыстарды жасау үшін пайдаланылатын үй-жайларды уақытша немесе тұрақты жабуға бағытталған шараларды қабылдайды.

8-бап

1. Қатысушы мемлекеттер сотта қылмыстық істі жүргізудің барлық кезеңдерінде осы Хаттама бойынша тыйым салынатын іс-әрекетке ұшыраған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін тиісті шаралар қабылдайды, атап айтқанда, төмендегілер арқылы:

а) құрбан болған балалардың қорғансыздығын тану және олардың ерекше мұқтаждықтарын тану үшін рәсімдерді адаптациялау атап айтқанда олардың куәгер болу ретіндегі ерекше мұқтаждықтарын тану;

Б) құрбан болған балаларды олардың құқықтары, рөлі мен оларға күтім жасау, оларға қатысты істер бойынша сотта іс жүргізудің мерзімдері мен барысы және ол туралы шешім жөнінде хабардар ету;

с) құрбан болған балалардың пікірлерін, мұқтаждықтары мен проблемаларын, олардың жеке-жеке мүдделеріне ықпал етілген жағдайларда, ұлттық заңнаманың процессуалдық нормаларына сәйкес сотта іс жүргізу барысында қорғалуын және қарастыруды қамтамасыз ету;

д) құрбан болған балаларға сотта іс жүргізудің барлық кезеңдерінде тиісті қолдау көрсету үшін қызметтер көрсету;

е) құрбан болған балалардың жеке өмірі мен жеке басын тиісті жағдайларда қорғау және құрбан болған балалардың жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін ақпараттың ыңғайсыз таралуын болдырмау мақсатында, ұлттық заңнамаға сәйкес шаралар қабылдау;

ф) қорқыту және кек алу әрекеттерінен құрбан болған балаларды тиісті жағдайларда қорғауды, сондай-ақ олардың отбасыларын және олардың атынан сөйлейтін куәгерлерді қорғауды қамтамасыз ету;

д) құрбан болған балаларға өтемақы төлеу туралы істер жөнінде шешім қабылдауда, өкімдер мен қаулыларды орындауда әсіре кідіртуді болдырмау.

2. Қатысушы мемлекеттер құрбан болғанның нақты жасы жөнінде күдік туындаған жағдайдың, құрбанның жасын анықтау мақсатында тергеу жүргізуді қоса алғанда,

қылмыстық іс қозғауға кедергі жасамауын қамтамасыз етеді.

3. Қатысушы мемлекеттер қылмыстық сот ісін жүргізу кезінде осы Хаттамаға көзделген қылмыстардың құрбандары болып табылатын балаларды іске қатыстыруда, бала мүдделерінің ең ұтымды сақталуына бірінші кезекте назар аударуды қамтамасыз е т е д і .

4. Қатысушы мемлекеттер осы Хаттамаға сәйкес тыйым салынған қылмыстық әрекеттердің құрбандары болып табылатын балалармен жұмыс істейтін тұлғалардың тиісті дайындықтан өтуін, атап айтқан құқықтық және психологиялық дайындықтан өтуін, қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдайды.

5. Қатысушы мемлекеттер ескерту қызметімен және/немесе осындай қылмыстардың құрбандарын қорғаумен және оңалтумен айналысатын тұлғалардың және/немесе ұйымдардың қауіпсіздігін және қол сұғылмауын қамтамасыз ету үшін тиісті жағдайларда шаралар қабылдайды.

6. Осы баптағы ешнәрсе де айыпталушының әділ және екі жаққа да бірдей сот қарауына қол жеткізу құқығына нұқсан келтіретіндей немесе қайшы келетіндей түсіндірілмейтін болады.

9-бап

1. Қатысушы мемлекеттер осы Хаттамада көзделген қылмыстардың алдын алу мақсатында заңдарды, әкімшілік шараларды, әлеуметтік стратегиялар мен бағдарламаларды қабылдайды немесе нығайтады, қолданады және насихаттайды. Осындай іс-тәжірибеге қатысты әсіре қорғансыз балаларды қорғауға ерекше назар а у д а р ы л а д ы .

2. Қатысушы мемлекеттер осы Хаттамада көзделген қылмыстарға қатысты алдын алу шаралары және олардың нұқсан келтіретін салдары жөнінде барлық тиісті құралдарды, ағартуды және оқытуды пайдаланумен хабарлау арқылы, балаларды қоса алғанда, қоғамның кең шеңберінің хабардар болуын арттыруға жәрдемдеседі. Осы бап бойынша өздерінің міндеттемелерін орындау кезінде қатысушы мемлекеттер қоғамның , атап айтқанда балалардың және құрбан болған балалардың, халықаралық деңгейдегілерді қоса алғанда, осындай ақпараттық-ағарту және оқыту бағдарламаларына қатысуын ынталандырады.

3. Қатысушы мемлекеттер осындай қылмыстардың құрбандарына, олардың толыққанды әлеуметтік реинтеграциялануын және олардың толыққанды дене және психологиялық тұрғыдан оңалуын қоса алғанда, кез келген тиісті көмек көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында барлық ықтимал шараларды қабылдайды.

4. Қатысушы мемлекеттер осы Хаттамада көзделген қылмыстардың құрбандары болған барлық балалардың нұқсан келтірілген үшін заңды жауапкершілік жүктелген тұлғалардан қайсыбір қысымшылық жасаусыз өтемақы алудың тиісті рәсімдеріне қол ж е т к і з у і н қ а м т а м а с ы з е т е д і .

5. Қатысушы мемлекеттер осы Хаттамада көзделген қылмыстарды насихаттайтын

материалдарды өндіруге және тартуға іс жүзінде тыйым салуды қамтамасыз етуге бағытталған тиісті шараларды қабылдайды.

10-бап

1. Қатысушы мемлекеттер ескерту, табу, тергеу, қылмыстық қудалау және балаларды саудалауға, балалар зинақорлығына, балалар порнографиясына және балалардың секс-туризміне қатысты әрекеттерді жасаған үшін кінәлі тұлғаларды жазаға тарту мақсатында көп жақты, аймақтық және екі жақты уағдаластықтарға қол жеткізу арқылы халықаралық ынтымақтастықты нығайту жөнінде барлық тиісті шаралар қабылдайды. Қатысушы мемлекеттер сонымен қатар өздерінің органдарының арасындағы, ұлттық және халықаралық мемлекеттік емес ұйымдардың, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың арасындағы халықаралық ынтымақтастыққа және координацияға жәрдемдеседі.

2. Қатысушы мемлекеттер сонымен қатар құрбан балаларға, олардың дене мен психологиялық тұрғыдан оңалуы, әлеуметтік реинтеграциялануы және отанына оралуы жөнінде көмек көрсетуге бағытталған халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

3. Қатысушы мемлекеттер қайыршылық пен жеткіліксіз даму сияқты, балаларды саудалаудың, балалар зинақорлығының, балалар порнографиясының және балалар секс-туризмінің объектісі ретінде балалардың қорғансыздығын арттыратын негізгі себептерді жою мақсатында халықаралық ынтымақтастықтың нығаюына жәрдемдеседі.

4. Ол үшін тиісті мүмкіндерге ие қатысушы мемлекеттер қазіргі көп жақты, аймақтық, екі жақты немесе басқа да бағдарламалардың шеңберінде қаржылық, техникалық немесе көмектің басқа да түрлерін көрсетеді.

11-бап

1. Осы Хаттамадағы ешнәрсе де төмендегілерде болуы мүмкін және баланың құқықтарын жүзеге асыруға анағұрлым жоғары деңгейде мүмкіндік беретін ешқандай ережелерге ықпал етпейді:

а) қатысушы мемлекеттің заңдарында;

б) осы мемлекет үшін қолданылатын халықаралық құқық нормаларында.

12-бап

1. Әрбір қатысушы мемлекет осы Хаттама ол үшін күшіне енгеннен кейінгі екі жыл бойы Баланың құқықтары жөніндегі комитетке осы Хаттаманың ережелерін жүзеге асыру мақсатында қабылдаған шаралары туралы жан-жақты ақпаратпен қамтылған баяндама ұсынады.

2. Жан-жақты баяндама ұсынылғаннан кейін әрбір қатысушы мемлекет Баланың құқықтары жөніндегі комитетке Конвенцияның 44-бабына сәйкес ұсынатын баяндамаларға Хаттаманы жүзеге асыруға байланысты кез келген қосымша ақпаратты қосады. Хаттамаға қатысушы басқа мемлекеттер баяндаманы әр бес жыл сайын ұсынады.

3. Баланың құқықтары жөніндегі комитет қатысушы мемлекеттерден осы Хаттаманы жүзеге асыруға байланысты қосымша ақпаратқа сұрау салуы мүмкін.

13-бап

1. Осы Хаттама Конвенцияның қатысушысы болып табылатын немесе оған қол қойған кез келген мемлекеттің қол қоюы үшін ашық.

2. Осы Хаттама бекітілуге жатады және Конвенцияның қатысушысы болып табылатын немесе оған қол қойған кез келген мемлекеттің қосылуы үшін ашық. Бекіту грамоталары немесе қосылу туралы құжаттар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

14-бап

1. Осы Хаттама оныншы бекіту грамотасын немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсырғаннан кейін үш ай өткен соң күшіне енеді.

2. Осы Хаттаманы бекітетін немесе ол күшіне енгеннен кейін оған қосылатын әрбір мемлекет үшін осы Хаттама оның бекіту грамотасы немесе қосылу туралы құжатты сақтауға тапсырылғаннан кейін бір ай өткен соң күшіне енеді.

15-бап

1. Кез келген қатысушы мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жазбаша хабарлау арқылы кез келген уақытта осы Хаттаманың күшін жоя алады, Бас хатшы кейін ол туралы Конвенцияның басқа да қатысушы мемлекеттеріне және Конвенцияға қол қойған барлық мемлекеттерге хабарлайды. Бас хатшы хабарламаны алған күннен кейін бір жыл өткен соң күшін жою іс жүзіне асады.

2. Мұндай күшін жою күшін жоюдың іс жүзіне асқан күніне дейін болған кез келген іс-әрекетке қатысты қатысушы мемлекетті осы Хаттамада көзделген оның міндеттемелерінен босатпайды. Сол сияқты мұндай күшін жою күшін жоюдың іс жүзіне асқан күніне дейін Комитеттің қарауына келіп түскен кез келген мәселені одан әрі қарауға қандай да болсын кедергі келтірмейді.

16-бап

1. Кез келген қатысушы мемлекет түзету ұсынып, оны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына ұсына алады. Бас хатшы қатысушы мемлекеттің осындай ұсыныстарын қарау және олар бойынша дауыс беруді өткізу мақсатында қатысушы мемлекеттерден конференция шақыруды жақтайтындығын көрсетуді сұрап, оларға ұсынылған түзетуді жолдайды. Егер осындай хабарландыру күнінен бастап төрт айдың ішінде қатысушы мемлекеттердің ең болмағанда үштен бірі осындай конференцияны жақтаса. Бас хатшы Біріккен Ұлттар Ұйымының демеушілік етуімен осы конференцияны шақырады. Осы конференцияға қатысқан және дауыс беруге атсалысқан қатысушы мемлекеттердің көпшілігі қабылдаған кез келген түзету Бас Ассамблеяға бекітілуге ұсынылады.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қабылданған түзету оны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы бекіткеннен кейін және оны қатысушы мемлекеттердің үштен екісі болатын көпшілігі қабылдағаннан кейін күшіне енеді.

3. Түзету күшіне енген кезде оны қабылдаған қатысушы мемлекеттер үшін міндетті сипаты болады, ал басқа қатысушы мемлекеттер үшін осы Хаттама ережелерінің және олар қабылдаған кез келген бұрынғы түзетулердің міндетті сипаты болады.

17-бап

1. Ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз мәтіндері түпнұскамен бірдей болып табылатын осы Хаттама Біріккен Ұлттар Ұйымының мұрағатында сақтау үшін
т а п с ы р у ғ а ж а т а д ы .

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Хаттаманың куәландырылған көшірмелерін Конвенцияға қатысушы барлық мемлекеттерге және Конвенцияға қол қойған барлық мемлекеттерге жолдайды.